

1 сынып бағдарламасы бойынша «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімін оқыту

1 сынып оқулығында «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөліміне 8 сағат бөлінген. Оның 7-і жаңа тақырып, 1-і қайталау сабағы. Бөлім мынандай тақырыптардан тұрады:

1. Менің туған жерім.
2. Ою.
3. Домбыра.
4. Мақта қыз бен мысық.
5. Мен ертегі білемін.
6. Не дәмді?
7. Көктем сәні.
8. Кел, қайталайық.

1 сыныпта жұмыстың 70-90 пайызы ауызша жүреді. Тыңдалым, айтылымға негізделген. Оқылымға қысқа диалогтар, жеке сөздер мен сөз тіркестері, қысқа мәтіндер берілген. Сонымен бірге қазақ тілінің төл дыбыстарын оқып-үйрену қосымша жүргізіледі. Грамматикалық ережелер ауызша меңгеріледі. Етістіктің болымды, болымсыз түрін қолдана білу, иә, жоқ сөздерінің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуы, сұраулық шылауларды пайдалану, берілген сұраққа жауап беруге дағдыландыру, септік, көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларын пайдалану іс-қимыл арқылы, қайталап айтып жаттығу

арқылы, дауыс ырғағы арқылы меңгеріледі. Балалардың басым көпшілігі жіберетін қателіктер:

1. Жазу барысында төл дыбыстардың таңбалануы (қ, ұ, ң әріптері)
 2. Берілетін ақпараттың көптігіне байланысты үйренген сөздерді есте сақтай алмауы
 3. Жазылым, оқылым дағдыларының өз деңгейінде қалыптаспауы
- Сол себепті оқушыларға қосымша дәптер бастатып, өтілген тақырып бойынша жаңа сөздердің жазылуын жазылған үлгі бойынша үйден жазып келуге беремін. Сынып жетекшісі мен ата-аналарға да кеңес, бағыт беруге тырысамын.

Бүгінгі семинарда мен осы бөлім бойынша «Көктем сәні» деген ертегіні көрсеткім келіп отыр.

Сабақтың тақырыбы:	Көктем сәні	
Күні, айы	Мұғалімнің аты-жөні	
1- сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.2.2.1. Сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізу. 1.3.3.1. Мәтіннің жанрын ажырату (өлең, ертегі, санамақ). 1.3.4.1. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын иллюстрация бойынша айту, қарапайым сұрақ қоя білу (кім? не? қандай? неше?). 1.5.2.1. Әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту.	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Ертегі кейіпкерлерін атай алады, ертегі мазмұны бойынша кейіпкерлердің ролін ойнай алады. Ұғ дыбысын таниды, дұрыс дыбыстайды, жаза алады, ұ дыбысы кездесетін сөздерді атай алады. Оқушылардың басым бөлігі: Тірек суреттер бойынша ертегінің мазмұнын айта алады Кейбір оқушылар: Ертегі мазмұнын өз сөздерімен айта алады, ұ дыбысы	

	кездесетін сөздер қатарын толықтыра алады.	
	Сабақтың барысы	
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Амандасу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.</p> <p>Сабақтың басталуына ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. Сабақ мақсатымен таныстыру. Балалар бір-біріне жақсы тілек айтады</p> <p>.</p> <p>(Мен саған жақсы күн тілеймін. Мен саған жақсы баға тілеймін. Мен саған көңілді сабақ тілеймін.)</p> <p>Сыныпты 3 топқа бөлу: «Домбыра» тобы, «Ою» тобы, «Ертегі» тобы</p>	
Сабақтың ортасы	<p>«Ертегілер әлемі» әні жіберіледі. Оқушылар ән тыңдайды, қайырмасына қосылады:</p> <p>Ертегілер, ертегілер, Неге мені ертпедіңдер? Әлемдеріңнің ғажап күйін Шертпедіңдер неге?</p> <p>-Балалар, біз бүгін тағы бір жаңа ертегімен танысамыз. Біздің ертегіміз «Көктем сәні» деп аталады. Көктем сөзін түсіндіру үшін жыл мезгілдері туралы ақпарат беріледі.</p> <p>Сөздік жұмысы: көктем-весна таза-чистый жылы-сән су-вода жаңбыр-дождь арыстан-лев</p> <p>Оқушылар мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді айтып жаттығады, қайталайды, сөз тіркестерін құрастырады. Әр топқа құраған сөз тіркестері үшін бір бағдаршамның көзі беріледі.</p> <p>Жыл мезгілдеріне байланысты сурет көрсету. Ауызша жылдың 4 мезгілі бар екенін айту, атау. -Балалар, қазір көктем мезгілі. Біз бүгін көктем мезгілі туралы ертегімен танысамыз.</p> <p>Тыңдалым Ертегіні дисктен тыңдау. Интербелсенді тақтада ертегінің сюжетті суреттері көрсетіліп тұрады. 104-бет.</p> <p>Кім жылдам? Оқылым дағдысын қалыптастыру. Тақтада ертегі кейіпкерлерінің суреті ілулі тұрады. Суреттің артында сұрақтар жазылған. (2-тапсырма бойынша)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қасқыр (Су қандай?) 2. Піл (Жаңбыр қандай?) 3. Түлкі (Гүлдер қандай?) 4. Аю (Ағаштар қандай?) 5. Қоян (Күн қандай?) 	диск

6.Арыстан (Көктем сәні не?)

Топтарды бағдаршам түстерімен бағалау

Сергіту сәті

«Жау-жау жаңбыр «әні

3-тапсырма «Оқиға картасы» әдісін қолдану

Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін шашып тастау. Ертегі желісі бойынша рет-ретімен тақтаға ілу.Кейіпкерлердің сөзін айту.

Рөлдік ойын

Оқушыларға кейіпкерлердің атауы жазылған сөздер беріледі.Тақта алдына шығып әр кейіпкер өздерінің сөздерін айтады.

Ұ дыбысы мен әрпі(интербелсенді тақтада көрсету)

106-107 бет

ұшақ

жұлдыз

сұр

Ұлан (сөздерді ауызша айтып жаттығу, буынға бөліп айтқызу)

Жазылым. Дәптермен жұмыс 17-беттегі тапсырмаларды орындау

«Есте сақта» айдары Кім? Не? Қандай? Неше? Сұрақтарын қайталау, қай сөз қандай сұраққа жауап беретінін айту.

Сабақтың соңы:Оқушылармен кері байланыс

орнату.Оқушылар сабақ барысында нені білгені, қалай жұмыс істегені,не қызық болғанын айтады.

Бағалау

Әр топтың жинаған бағдаршам көздерін санау,марапаттау, мадақтау.